

Денсаулық мектептерінің жұмысы туралы ереже

1. Денсаулық мектептері;
2. Денсаулық мектептерінің негізгі бұйрықтарының тізімі;
3. Денсаулық мектептерінің мақсаты;
4. Денсаулық мектептерінің міндеттері;
5. Жұмыс тәртібі;
6. Денсаулық мектептерін жарақтандырылуы.

I. Денсаулық мектептері – бұл азаматтарды ақпараттандыру, білімдері және тәжірибелік дағдыларымен ауруларды тиімді емдеу, аурулардың алдын алу, өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жеке/топтық ықпал ететін құралдар мен әдістердің жиынтығы.

II. Денсаулық мектептерінің негізгі бұйрықтарының тізімі:

- 1.«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан

Республикасының 2020 жылы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Кодексі.

2. Қазақстан Республикасының медициналық – санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы ҚР ДСМ м.а 2023 жылғы 30 наурыздағы №49 бұйрығы.

3. Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, қарап –тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемділігі мен кезеңділігін бекіту туралы ҚР ДСМ м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚРДСМ – 174/2020 бұйрығы.

4. Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚРДСМ – 149/2020 бұйрығы.

5. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №945 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 29 ақпандағы №141 қаулысы.

6. Денсаулық сақтауды дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы.

III. Денсаулық мектептерінің мақсаты - азаматтарға жасалатын медициналық қызметті оңтайландыру, аурудың алдын алу, көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жақсарту мен қолжетімділігін арттыру, тұрғындардың өз денсаулығына жауапкершілігін арттыру.

IV. Денсаулық мектептерінің міндеттері:

1. Азаматтарды науқастылығына сәйкес ақпараттандырып, сауаттылығын арттыру;

2. Өз денсаулығын сақтауға жауапкершілігін міндеттеу;

3. Сауықтыруға ынталандыру, емделуге жауапкершілікпен қарау және дәрігердің ұсыныстарын уақытылы, дұрыс орындау;

4. Өз денсаулығын бақылай білуі мен дағдыларын қалыптастыруға, асқынудың алдын алу мақсатында дәрігерге дейінгі алғашқы көмекті көрсете білуге үйрету;

5. Денсаулықтарына кері әсер ететін жағымсыз жағдайлар мен мінез-құлық қауіп факторларын (тамақтану, дене белсенділігі, стрессті игере білу, зиянды әдеттен бас тарту) төмендету дағдыларын қалыптастыру;

6. Ауруының себептерін, факторларын талдауда тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру, жеке басын сауықтыру жоспарын құруға оқыту;

7. Азаматтардың өз денсаулығын басқаруды, асқынулардың алдын алуды, қауіпті белгілерді үйрету.

V. Жұмыс тәртібі - денсаулық мектептерінде бекітілген сабақтар оқыту жоспарына сәйкес теориялық және практикалық түрде жүргізіледі. Топта 8 – 10 азаматтан жасақталады. Оқыту циклмен жүргізіледі. Денсаулық мектептерінде толық циклмен оқытылу ұзақтылығы 1-2 ай, 6 сабақтан жоғары тұрады. Бір сабақтың оқытылу ұзақтылығы 1-1,5 сағат.

VI. Денсаулық мектептерін жарактандырылуы - барлық денсаулық мектептерінде тақырыпқа сай ақпараттық танымдық материалдар (парақшалар, буклеттер, кітапшалар), көрнекі құралдар, жұмыс бағытын анықтайтын сауалнамалар, теле – видео қондырғылар болуы тиіс.

Денсаулық мектептеріне қажетті құрал-жабдықтар тізімі

АГ , қант диабеті, бронх демікпесі мектебі, мінез құлықтық қауіпті факторлары мектебі, инсульттың алдын алу мектебі:

- гипертониялық кризге және стенокардия талмасына арналған дәрі-дәрмектер.
- қандағы қант мөлшерін анықтайтын тест;
- жолақ, тест жолақтары бар глюкометр;
- залалсыздандырылған автоматты бір реттік скарификаторлар;
- екпе салу үшін бір реттік спирттік майлықтар;
- мақтадан жасалған түйіршіктер;
- бой өлшегіш;
- бел көлемін өлшеу үшін сантиметр;
- азық - түліктер (немесе азық-түліктердің орамдары);
- жеткілікті мөлшерде үстел мен орындықтар;
- бағдарламалық қамтамасыз ету (телевизор, проектор, компьютер, принтер, ксерокс, аудио және видео жабдықтар аудио және бейне материалдар);
- ақпараттық-танымдық материалдар (күнделіктер, буклеттер, брошюралар, плакаттар және т.б.);
- ұтымды тамақтануды насихаттауға арналған қабырға стенділері;
- тренинг өткізуге арналған материалдар.

Отбасын жоспарлау, босануға дайындық және жас ана мектебі:

- жеткілікті мөлшерде үстел мен орындықтар;
- бағдарламалық қамтамасыз ету (телевизор, проектор, компьютер, принтер, ксерокс, аудио және видео жабдықтар аудио және бейне материалдар);
- ақпараттық-танымдық материалдар (күнделіктер, буклеттер, брошюралар, плакаттар және т.б.);
- емдік денешынықтыруларға арналған тренажорлар, шарлар;
- таразы;
- тонометр;
- қуыршақтар;
- бала киімдері т.б.
- контрацепциялық заттар.

Баланың даму кабинеті:

- жеткілікті мөлшерде балаларға арналған үстел мен орындықтар;
- бағдарламалық қамтамасыз ету (телевизор, проектор, компьютер, принтер, ксерокс, аудио және видео жабдықтар аудио және бейне материалдар);
- ақпараттық-танымдық материалдар (күнделіктер, буклеттер, брошюралар, плакаттар және т.б.);
- таразы;
- сантиметрлік;
- жаялық үстел;
- баланың ой-өрісін дамытуға арналған ойыншықтар;
- бала тамағын дайындау асханасы;
- кілем немесе төсеніш;
- баланы дамытуға арналған кітапшалар;
- қуыршақтар (емшек емізу техникасын үйрету үшін);
- шомылдыру және жылыту режимін сақтауға арналған құралдар;
- отоакустикалық эмиссияларды тіркеуге арналған прибор.